

Бекітемін: _____
«Шұғыла»бөбекжай-бақшасы
Коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорынның
директоры :Тулешова Г.Д.

Шығармашылық топ туралы

ЕРЕЖЕ

(2022-2023 жылы)

1.Жалпы ережелер

1.1. МДҰ-дағы ШТ-бұл зерделенетін тақырыпты дамытудың оңтайлы жолдарын іздестіру мақсатында мәлімделген тақырыптама бойынша материалдарды зерделеу, әзірлеу, жалпылау бойынша ұжымдақ ынтымақтастыққа, өзара шығармашылыққа мүдделі педагогтардың ерікті кеңестік бірлестігі.

1.2.ШТ өз жұмысында ҚР-ның білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамасын, мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, МДҰ жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады

2. ШТ қызметінің мақсаттары мен міндеттері

2.1. ШТ қызметінің мақсаты МДҰ педагогтарының кәсіптік қарым-қатынасы үшін жағдайлар жасау, олардың шығармашылық белсенділігін дамыту, кәсіптік шеберліктер мен дағдыларды қалыптастыру және жетілдіру болып табылады.

2.2.Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттер шешіледі:

-бірлесекен жұмыста кәсіптік проблемаларды, оқыту мен тәрбиелеудің қиындықтарын шешу, инновациялық үдерістерді меңгеруде бір-біріне көмектесу;

-пікірлес педагогтардың шығармашыл ұжымын қалыптастыру;

-жаңа педагогикалық әдістемелерді, технологияларды, дидактикалық материалдарды, сабақтардың конспектілерін және т.б. әзірлеу, жасау, сынап көру мен тарату;

-педагогтарды білім беру қызметінің сан алуан түрлерінде МДҰ-дағы инновациялық үдеріске қосу.

3. ШТ қызметін ұйымдастыру.

3.1. ШТ педагогтардың немесе МДҰ әкімшілігінің бастамасы бойынша құрылады. Оның қызметі осы Ережемен және ШТ-тың ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен регламенттеледі.

3.2.Қандай да бір проблемаға мүдделіктің бірлігі, өтемдік мүмкіндіктері, өзара құрметтеу негізінде біріккен, жұмыс өтілі әртүрлі ерікті ынтымақтастығы болып табылады.

3.3 Педагогтардың ШТ өз жұмысының жоспарын ағымдағы оқу жылына арнап жасайды.

3.4.ШТ-тың жетекшісі ұжым қызметінің өнімді формаларын ұйымдастыру дағдыларын меңгерген, ШТ мүшелері сайлаған педагог болып табылады. Жетекші тақырып, жұмыс әдістері мен формаларын әзірлеу стратегиясын ұсынады, материалдарды жалпылайды және жүйелейді, ұсынстарға талдау жасайды және оларды топтың талқылануына ұсынады.

3.5. ШТ қызмет етуінің барлық мәселелері алқалы түрде шешіледі, әркім зерделенетін тақырыпты әзірлеуге қатысады. Педагогтар-ШТ мүшелері-өздерінің іс-тәжірибелік материалдарын ұсынады, жетекші мен топ ұжымының шығармашылық тапсырмаларын орындайды, ұсынылған материалдар бойынша өз пікірін білдіреді және т.б.

3.6.Топ отырысы тоқсанына бір реттен кем емес өткізіледі.

3.7.ШТ сабақтарының формаларында қызметтің өнімділік сипаты болады: теориялық баяндамалар, хабарлар, семинар-практикумдар, пікірталастар, қызметті ашық көрсету және т.б.

3.8. Балабақшада ШТ өзара кәсіптік қарым-қатынас қажеттігі өзін сарқып болғанға дейін әрекет етеді, ШТ отырысы қажеттілікке қарай, бірақ тоқсанына бір реттен кем емес өткізіледі.

3.9.ШТ жұмысының қортындылары кеңесте тыңдалады.

4.ШТ мүшелерінің өтемі мен жауапкершілігі

4.1. ШТ мүшелерінің құқықтары.

4.1.1. Топ мүшелері:

-ШТ жұмысының жоспарын МДҰ жұмысының жоспарына және оны дамыту бағдарламасына енгізу туралы мәселе қоюға;

- МДҰ әкімшілігінен ШТ жұмысын ғылыми көмек талап, материалдық және басқа да жағынан қамтамасыз етуде көмек талап етуге;
- ШТ мүшелері мен басқаларының педагогикалық жаңалықтарын, инновациясын істе сынап көруге құылы.

4.2. ШТ мүшелерінің міндеттері.

4.2.1. ШТ мүшелері:

- педагогтардың жаңа идеяларын жинақтауға, жұмыс үшін басымдыққа ие идеяны айқындауға;
- өзара көмек пен бір-бірін өзара оқытуды жүзеге асыруға;
- білдірілген идеяларды әзірлеме, тетік, алгоритм, әдістеме және т.б. формасына жеңілдету бойынша шығармашылық үдерісті ұйымдастыруға міндетті.

4.3. ШТ мүшелерінің жауапкершілігі.

4.3.1. ШТ мүшелері:

- ШТ жұмысы құжаттарының сапалы дайындалғандығы үшін;
- тәлімгерлік, шығармашылық үдеріс барысын жүйелі қадағалап отыру үшін;
- сынап көру нәтижелерін объективті қадағалау үшін;
- әкімшілікті шығармашылық ізденістердің, өзара оқыту жөніндегі жұмыстың нәтижелері туралы хабардар етіп отыру үшін жауапкершілікте болады.

5. ШТ құжаттамасы мен есептілігі.

5.1. ШТ жетекшісі мынадай құжаттаманың бар болуы, мазмұндылығы мен жүргізілу мәдениеті үшін жауапкершілікте болады:

-жұмыс жоспары;

-отырыстардың хаттамалары, оларда талқыланған мәселелер, жасалған идеялар, әзірлемелер қорытындылар, жалпылаулар, сабақтардың конспектілері, педагогтарға ұсынымдар және басқалар формасында тіркеледі;

-жұмыс нәтижелерін дәлелдейтін әдістемелік ұсынымдардың, әзірлемелердің, оқу құралдарының топтамасы.

6. Құрамы

2.1. ШТ құрамында: МДҰ I- санатты тәрбиешісі (төрайымы) Дариябаева С.А. және педагогикалық құрам: Жоғары санаттағы әдіскер – Карасаева З.Б.; Психолог, I санатты – Койбагарова Т.В.; Жоғары санаттағы тәрбиеші : Сарбасова А.А.; педагог-зерттеуші– Тынымгереева Ш.Д.; Бондаренко Г.Н.; I- санатты тәрбиеші; педагог-сарапшы Сопаква А.К.; тәрбиеші Назарова Н. С. барлығы 8 адам кіреді.

Бекітемін: _____
 «Шұғыла»бөбекжай-бақшасы
 МКҚК директоры :Тулешова Г.Д.

**Шығармашылық топтың 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс
жоспары**

№	Өткізілетін іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Шығармашылық топтың отырысы.	Жылына 4 рет (қыркүйек, қараша, қаңтар, мамыр)	Директор, әдіскер
2	Жаңа құрамды сайлау	Қыркүйек	Әдіскер; Тәлімгер тәрбиешілер
3	Перспективалық жоспарлау, циклограмманы жаңа әдістемелік ұсынысқа сай құру ,баланың жеке даму картасы тәрбиешілерге арналған көмек.	Қыркүйек, Қазан жыл бойы	Әдіскер Тәрбиешілер
4	Заттық – кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру; жабдықтау-кеңес беру.	Қазан	Әдіскер Тәрбиешілер ШТ
5	Шығармашылық топтың отырысы. БАЯНДАМА :« Саусақ ойындары арқылы баланың сөйлеуін дамыту » ұйымдастыру жөнінде кеңестер беру.	Қараша	Психолог Койбагарова
6	Тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне талдау жүргізу	Аптасына 1 рет Жыл бойы	Директор, әдіскер
7	Шығармашылық топтың отырысы. № 422 ҰОБ- на сәйкес жаңа картотекаларды толықтыру,талдау жасау.	Қаңтар	Әдіскер Тәрбиешілер
8	Әдістемелік құралды талдау.	Ақпан-Наурыз	ШТ;
9	Шығармашылық топтың отырысы. . «Біз сапта жүреміз» сапта	Сәуір	Әдіскер ШТ

	жүруден кіші топтар арасында байқау ұйымдастыру.Қорытындылау		
10	Жылдық есеп. Шығармашылық топтың қорытынды отырысы Өткен жылға арналған тақырып бойынша жұмысқа талдау жасау. Педагогтардың шығармашылық есептері	Мамыр	Директор, әдіскер, тәрбиешілер